




# ҰЛТТЫҚ БАНКТІҢ АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ

АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ КОМИТЕТІ

# ИНФЛЯЦИЯНЫ ТАРГЕТТЕУ РЕЖИМІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

**Процент саясаты**
Өтімділікті реттеу

**Еркін айнымалы бағам**
Сыртқы шоктарды реттеу

**Саясатты болжау және талдау жүйесі**
Дұрыс шешім қабылдау

**Ашық коммуникация**
Рационалды нарық болжамдарын дамыту



## 1. Ұлттық Банктің негізгі мақсаты қандай?

A) қаржы тұрақтылығына жағдай жасау

B) бағаны тұрақтандыру

C) экономиканың өсуіне жағдай жасау

D) төлем қызметтері нарығын реттеу

# БАҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Баға тұрақтылығы - төмен және тұрақты инфляция



Инфляция – тауарлар мен қызметтердің жалпы бағасының өсуі

# ҚАЗАҚСТАНДА ИНФЛЯЦИЯ ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ?

**Инфляция** (тұтыну бағаларының индексі) халықтың жеке тұтыну үшін сатып алатын **тауар мен қызмет** себеті бағасының **белгілі бір уақыт аралығындағы өзгерісін** сипаттайды.

## ИНФЛЯЦИЯ КОМПОНЕНТТЕРІ

Тауарлар мен қызметтер ТБИ



Азық-түлік тауарлары



Азық-түлікке жатпайтын тауарлар



Ақылы қызметтер

# БАҒА НЕГЕ ӨСЕДІ?

**Баға сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерім бұзылған кезде өседі**

**СҰРАНЫС ИНФЛЯЦИЯСЫ - халықты тұтынуға итермелейтін факторлар**

- Әлеуметтік төлемдер, кірістердің өсуі
- Бюджет дефициті, мемлекеттік бағдарламалар
- Ақша эмиссиясы

**ИНФЛЯЦИЯ ШЫҒЫНДАРЫ - өндірушілер бағасының өзгеруіне әсер ететін факторлар**

- Нарықтағы монополия
- Салықтың өсуі
- Еңбек өнімділігінің өсуіне байланысты жоғары жалақының өсуі
- Өндіріс факторлары бағасының өсуі

# БАҒА ӨСПЕУІ ҮШІН ОНЫ ЖАЙ ҒАНА ТОҚТАТЫП ҚОЮҒА БОЛМАЙ МА?




**Жоқ**, **тоқтатуға болмайды**, себебі:

- **Экономикаға араласу сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімді бұзады.**
- **тапшылық туындап, сөрелер босап, ұзын-сонар кезек пайда болады.**
- **Өндірушілер сапаға мән бермей, өздерін сақтап қалу үшін және тиімсіз бағаны ұстап тұру үшін жұмыс істейді.**







**! НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАДА МЕМЛЕКЕТ ЕМЕС, НАРЫҚТЫҢ ӨЗІ ҮСТЕМДІК ЕТУІ КЕРЕК!**

# СОНДА ИНФЛЯЦИЯ ДЕҢГЕЙІ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕК?



10%

6%

0%

Гиперинфляция ауыр дағдарыс кезінде туындайды

Жоғары инфляция нарықта **тұрақсыздық** тудырады және болашақты **жоспарлауды қиындатады**

**6-дан 10%-ға дейінгі аралық** – бақылауды жоғалтып алу мүмкін болғандықтан қауіпті

**Төмен, тұрақты инфляция барлығына қолайлы**

**Дефляция экономиканың дамуын тоқтатады**

## Тұрақты экономикалық дамудың кепілі

- Экономикалық белгісіздікті төмендетеді
- Ұзақмерзімді инвестицияларды өндіріс саласына тартуға және жұмыспен қамтуды арттыруға ықпал етеді
- Халықтың әл-ауқатын жақсартады
- Компаниялар мен халықтың экономикалық қызмет жағдайларын жақсартады

Дамыған елдерде, инфляцияны таргеттеу практикасы қолданылатын елдерде, мақсатты көрсеткіш 1-3% аралығында болады.

Дамушы елдерде инфляцияның мақсатты деңгейі 2%-10% аралығында өзгеріп отырады.

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

1993 жылдан 1999 жылға дейін Қазақстан Ұлттық Банкі ақша ұсынысын мақсатты түрде реттеді.

2000 жылдан 2004 жылға дейін қандай ақша-кредит саясатын ұстанатынымыз анықталды.

2007 жылдан бастап Қазақстан Ұлттық Банкі айырбастау курсын іс жүзінде таргеттей бастады.

2015 жылғы тамыздан бастап инфляцияны таргеттеу режиміне көшті.

1993 1995 1999 2000 2006 2007 2014 2015

**1993-1999**

***Ұлттық банктің ақша-кредит саясатының қалыптасуы***

- Өтпелі экономиканың нарықтық экономикаға көшуі, бағаларды либерализациялау
- Негізгі мақсат - ұлттық валюта теңгенің ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз ету
- Біршама реттелетін айырбастау бағамы

**2000-2006**

***Макроэкономикалық ахуалды тұрақтандыру және экономиканың өсу процесіндегі ҚР ҰБ рөлі***

- Ішкі және сыртқы қолайлы факторлардың әсерінен мемлекет экономикасының дамуы
- Негізгі мақсаттың өзгеруі - 2004 жылдан бастап бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету
- Басқарылатын еркін айнымалы режим

**2007-2014**

***Қаржы дағдарысы және дағдарыстан оңалу жылдарындағы кредит саясаты***

- Қазақстандағы макроэкономикалық жағдайдың әлемдік қаржы дағдарысы аясында дамуы
- Негізгі мақсат - бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету
- Теңге айырбастау бағамының ауытқу дәлізі

***2015 жылғы тамыздан бері...***

***Қазіргі үрдістер***

- Экономиканың сыртқы шоктардың, соның ішінде геосаяси дағдарыстардың күшеюі жағдайында дамуы
- Негізгі мақсат - бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету
- Еркін айырбастау бағамы

# АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫНЫҢ РЕЖИМДЕРІ

**Ақша-кредит саясатының режимдері –** монетарлық билік өз мақсатты көрсеткіштеріне жету үшін жүргізетін ақша-кредит саясатын жүзеге асыру шаралары мен тәсілдері.

### Ақша агрегаттарын таргеттеу

- Инфляцияға әсер ету үшін ақша ұсынысының мақсатты параметрлерін белгілеу
- Ақша агрегаттарының динамикасы мен инфляция арасындағы байланыстың тұрақсыздығы
- Орталық банктің ақша массасын жеңіл-желпі бақылауы

### Айырбас бағамын таргеттеу

- Валюталық интервенциялар арқылы номиналды айырбастау бағамының тұрақтылығын қамтамасыз ету
- Экономикалық шоктарға жауап ретінде дербес ақша-кредит саясатасын жүргізу мүмкіндігінің болмауы

### Инфляцияны таргеттеу режимі



# АЛ БАСҚА ОРТАЛЫҚ БАНКТЕРДЕ ҚАЛАЙ?

**ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ТАРГЕТТЕУ режимі , ол инфляцияның мақсатты деңгейіне қол жеткізуге бағдарланған**

**ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

- Ақша-кредит саясатының мақсатын нақты айқындау
- Ақша-кредит саясатына нарықтардың сенім ұялатуы
- Инфляциялық күтулерді басқару
- **Ақша-кредит саясатының ашықтығы мен транспаренттілігі**
- Экономиканың тұрақты өсімін қолдау
- **Орталық банктің дербестігі**

**Инфляциялық таргеттеу режимін қолданатын елдер**

ДАМЫҒАН




ДАМУШЫ




- 1989 жылы **Жаңа Зеландия** парламенті алғаш рет тарихта Бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету туралы заң қабылдады, ол – монетарлық саясаттың жалғыз мақсаты.
- Халықаралық валюта қорының мәліметі бойынша, 2020 жылдың аяғында **әлемдік ЖІӨ-нің 42%-ын** құрайтын **43 ел инфляцияны таргеттеу** режимін айқын түрде ұстанады.

# БАЗАЛЫҚ СТАВКА – ҚРҰБ АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ

**2. Базалық мөлшерлеме деңгейін белгілей отырып, Ұлттық Банк бірінші кезекте экономикада нені анықтайды?**

A) ақша санын

C) ақша айналымының жылдамдығын

B) ақша құнын

D) Ақша базасын

# БАЗАЛЫҚ СТАВКА – ҚРҰБ АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ

Ұлттық Банк базалық мөлшерлеме деңгейін белгілеу арқылы экономикадағы ақшаның **құнын/бағасын** реттейді



# БАЗАЛЫҚ СТАВКАҒА ҚАТЫСТЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНҒАН СОҢ




**ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ**

**ДЕПОЗИТ/КРЕДИТ НАРЫҒЫ**

# БАЗАЛЫҚ СТАВКАҒА ҚАТЫСТЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНҒАН СОҢ БІРНЕШЕ КҮННЕН КЕЙІН



# БАЗАЛЫҚ СТАВКА ИНФЛЯЦИЯҒА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?

## БАЗАЛЫҚ СТАВКАНЫҢ ИНФЛЯЦИЯҒА ӘСЕР ЕТУДЕГІ КЛАССИКАЛЫҚ СХЕМАСЫ (ТРАНСМИССИЯ МЕХАНИЗМІ)



# ИНФЛЯЦИЯНЫ КҮТУ

**Инфляциялық күту** – алдағы уақытта бағаның қалай өзгеретініне қатысты халық пен бизнестің болжамы



# БАЗАЛЫҚ СТАВКАҒА ҚАТЫСТЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ПРОЦЕСІ

**Ұлттық Банк базалық ставканы қалай белгілейді?**

**2. ҚРҰБ Базалық ставканың деңгейін қалай белгілейді?**

A) Президент/Үкімет әкімшілігінің нұсқауы бойынша

B) макроэкономикалық көрсеткіштерді талдау және болжау арқылы

C) көріпкелге жүгіну арқылы

D) әлеуметтік желілердегі сараптамалық қоғамдастықтың ұсыныстары бойынша

# БАЗАЛЫҚ СТАВКАҒА ҚАТЫСТЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ПРОЦЕСІ

## Ұлттық Банк базалық ставканы қалай белгілейді?




1. Ақпарат жинайды
2. Қазіргі жағдайды талдайды
3. Болжайды
4. Шешім қабылдайды
5. Белсенді коммуникация жүргізеді

# БАЗАЛЫҚ СТАВКАҒА ҚАТЫСТЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ПРОЦЕСІ

**Ұлттық Банк базалық ставканы қалай белгілейді?**




1. Ақпарат жинайды

2. Қазіргі жағдайды талдайды

3. Болжайды

4. Шешім қабылдайды

5. Белсенді коммуникация жүргізеді

# БАЗАЛЫҚ СТАВКАҒА ҚАТЫСТЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ПРОЦЕСІ

**Ұлттық Банк базалық ставканы қалай белгілейді?**




Forecasting and Policy Analysis System

1. Ақпарат жинайды → 2. Қазіргі жағдайды талдайды → 3. Болжайды → 4. Шешім қабылдайды → 5. Белсенді коммуникация жүргізеді

# БАЗАЛЫҚ СТАВКАҒА ҚАТЫСТЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ПРОЦЕСІ

**Ұлттық Банк базалық ставканы қалай белгілейді?**




1. Ақпарат жинайды → 2. Қазіргі жағдайды талдайды → 3. Болжайды → 4. Шешім қабылдайды → 5. Белсенді коммуникация жүргізеді

# БАЗАЛЫҚ СТАВКАҒА ҚАТЫСТЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ПРОЦЕСІ

## Ұлттық Банк базалық ставканы қалай белгілейді?




1. Ақпарат жинайды → 2. Қазіргі жағдайды талдайды → 3. Болжайды → 4. Шешім қабылдайды → 5. Белсенді коммуникация жүргізеді

# БАЗАЛЫҚ СТАВКАҒА ҚАТЫСТЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ПРОЦЕСІ

БАЗАЛЫҚ СТАВКАҒА ҚАТЫСТЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ПРОЦЕСІ




БАЗАЛЫҚ СТАВКАҒА ҚАТЫСТЫ ШЕШІМ ЖЫЛЫНА 8 РЕТ ҚАБЫЛДАНАДЫ

**4 – Болжам раунды негізінде**

**4 – Болжамаралық шешім**

# КОММУНИКАЦИЯ САЯСАТЫ – ТАБЫС КІЛТІ

Егер менің айтқандарым сізге анық болса, онда сіз мені дұрыс түсінбегенсіз



«Банкті баспасөзден алыс ұста, ал баспасөзді банктен алыс ұста»

«Не істеп жатқаныңды айт және айтқаныңды істе»

**1940 жылдары**

**1990-2000**

**2008**

**қазір…**

2008 жылғы дағдарыстан кейін орталық банктер өзінің коммуникациялық белсенділігін екі есе арттырды.

# КОММУНИКАЦИЯ САЯСАТЫ – ТАБЫС КІЛТІ

БАҚ, халық



Бизнес, шетел инвесторлары



Халықаралық ұйымдар



Ғылыми және сараптамалық қоғамдастық



Депутаттардың, жеке және заңды тұлғалардың сауалдары



## ҚРҰБ ресми басылымдарын әзірлеу және ҚРҰБ интернет-ресурсында жариялау




ҚРҰБ жылдық есебі




Инфляциялық үрдістер




«Базалық ставка туралы» баспасөз релиздері




ҚРҰБ макроэкономикалық сауалнамасы




Іскерлік белсенділік индексі




«Ақша-кредит саясаты туралы есеп»




Конъюнктуралық және салалық шолулар

# ҚОРЫТЫНДЫ СЛАЙД

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты – **бағаны тұрақтандыруға жағдай жасауды** қамтамасыз ету, яғни төмен және тұрақты инфляцияға жету.
- Инфляция **тұтыну бағаларының индексімен** өлшенеді.
- Ақша-кредит саясатының мақсаты – ортамерзімді кезеңде **жылдық инфляцияны 5% деңгейінде** ұстап тұру.
- 2015 жылдан бастап Ұлттық Банк ақша-кредит саясатын **инфляцияны таргеттеу режимінде** жүргізіп келеді.
- Валюта саясаты – еркін айнымалы айырбастау бағамы.
- Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатындағы негізгі құралы – **базалық ставка.**